

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

6

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2015

ҚАРАША
НОЯБРЬ
NOVEMBER

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і :

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагиян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.
ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE BIES COURT: MAIN PERIODS AND FEATURES

Mynbatyrova N.K.

Al-Farabi Kazakh National University.
nurlaiym@mail.ru

Key words: kazakh traditional society, the agreement, decision, clan, tribe, people's unity, territorial integrity

Abstract. The article investigates the history of the formation and development of the bies court in the traditional society of the Kazakhs. The problems of the emergence of the bies court and the main periods of its development. It reveals the internal and external political and legal activities of the bies court nomadic Kazakh people, its role in legal relations, as well as the features of its legal nature.

БИЛЕР СОТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ: НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Қ. Мыңбатырова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қаласы

Түйін сөздер: дәстүрлі қазақ қоғамы, билер соты, бітім, шешім, ру, тайпа, ел бірлігі, аумақтық тұтастық

Аннотация. Жұмыстың мақсаты – дәстүрлі қазақ қоғамында билер сотының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін анықтап, билер сотының ұстанған қағидаларының, қолданған нормаларының ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер сотының даму тарихын нақты кезеңдерге бөліп, әрбір кезеңнің ерекшеліктерін айқындап, оған талдау жасау көзделеді. Жұмыстың методологиялық негізін жалпы танымдық принциптер мен арнайы ғылыми әдістердің іштей бірлігі мен байланысы құрады. Жұмысты орындауда жүйелік, тарихилық, салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды. Мал-мүлік дауы, жер дауы, құн дауы, жесір дауынан туған қазақ рулары мен тайпалары арасындағы дауларды шешу барысында билер соты ең басты бағдар есебінде елдің бірлігі мен тыныштығын сақтау, ынтымағын бұзбау, сызат түскен ағайын жарастығы болса оны қалпына келтіру қағидаларын ұстанды. Осы бағыт-бағдар, қағида-құндылықтардың талаптары аумағында сот шешімдерін қабылдау үшін судья-билер бар қажыр-қайратын, ақыл-білімін, шешендігі мен шеберлігін пайдаланды. Автордың қол жеткізген нәтижелерін құқықтық саладағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі құқықтанымын ескеру бағытында пайдалануға болады. Заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, құқықтық және саяси ілімдер тарихы пәндерін оқыту процесінде қолдануға болады.

Қазақ қоғамындағы билік қатынастарының ерекшеліктерін ой елегінен өткізе отырып және оны егжей-тегжейлі талдау арқылы билер сотының саяси-мемлекеттік астарын айқындай аламыз. Сол сияқты билер сотын арнайы ғылыми сараптаудан өткізу – қоғамдағы дәстүрлі билік қатынастарын жете түсінуге мол мүмкіндік береді.

Әрбір билік билік жүргізу мәнері, билік жасау ауқымы және деңгейі, билік қатынастарындағы іс-әрекетінің және шешімдерінің пәрменділігі, ол қаншалықты халық сеніміне, құрметіне ие бола алды – мінеки, соған тікелей байланысты болатын. Би халық атынан сөйлеудің қай деңгейіне көтерілсе (ауыл, ру, тайпа, жүз, тұтас халық) сол дәрежедегі және сол көлемдегі билікке ие болатын. Оның билік иесі ретіндегі мәртебесі осы көрсеткішпен халық сенімі, құрметі және қолдауы коэффициентімен өлшенетін.

Билер сотының пайда болу, қалыптасу және даму тарихын шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең билер институтының протоқазақтық қоғамдардағы (ресми қазақ хандығы құрылғанға дейінгі) болмысы. Бұл дәуір сонау сақ тайпалары салтанат құрған уақыттан бастау

алып қазақ мемлекеттігі Қазақ Ордасы (хандығы) деген атпен ресми түрде жеке-дара бөлініп шығып, өз алдына отау тіккен мезгілге дейін созылады (шамамен б.з.д. VIIIғ. - б.з. XVғ. ортасы). Бұл қазақ даласында көшпелі өмір салтының әбден орнығып және соған негізделген қоғамдық-саяси, құқықтық құрылымдардың бекіген, орныққан заманы. «Би» атауының да пайда болып, осы атаудың заман ағымына сәйкес өзгерген мән-мазмұнына сай билер институтының да әртүрлі сипатқа, түрге ие бола отырып дамыған, толысқан, толыққан кезеңі.

Біздің заманымызға дейінгі дәуірде тарих сахнасына келген Үйсін мемлекетін қытай деректеріне және көне шежіре жазбаларына сүйеніп зерттеушілер бұл мемлекеттің хандары Күнби деп аталған деген дерек бар [1, 64б.].

Осы мағынадағы деректі Қ. Тауасарұлының еңбектерінен де кездестіреміз: «Майқы би елді билер арқылы басқарған. Содан қалған хан, би жоралғысы бүгінге дейін келе жатыр. Екі уәзір, бірі ел ісі, екіншісі әскер басы, екеуі екі қанатын басқарады. Хан қашанда ортада (бірақ майданнан жырақтау), үш сұлтаны немесе бегі, екі биі, екі бақылаушысы. Осылардың бәрі көбіне көшіп жүреді» [2, 45б.]. Бұл деректерге сүйенсек, үйсіндерде би атауы екі түрлі мағынада қолданғанын байқауға болады. Біріншіден, би – Күнби, яғни, ел басшысы деген ұғымды берсе, екіншіден би – оның (күнбидің) төңірегіндегі ең биік лауазым иелерінің бірі.

Келтірілген деректер би атауының қазақ даласы үшін автохонды (жергілікті), ежелден келе жатқан сөз екендігі жайлы ой түйіндеуге мүмкіндік береді. Би атауының түп мағынасы билік жасау, билікке ие болу екендігіне тағы бір дәлел болғандай.

Билер институтының дамуының екінші кезеңі – Қазақ ордасының жеке дара тәуелсіз мемлекет есебінде отау көтеріп, халықаралық құқық және саяси қатынастар субъектісі ретінде өз алдында дербес өмір сүрген кезі. Бұл XV ғ. ортасынан 1730 жылдарға дейін созылатын үш ғасырға жуық уақыт аралығы.

Қазақ хандығы тұсында билердің орны ерекше болды. Тіптен Қазақ Ордасының Әбілқайыр хандығынан бөлініп, дербес мемлекет есебінде өмір сүруіне түрткі болған уақиғалардың бірі Дайырқожа би мен Қобыланды батыр арасындағы қақтығыс екендігі тарихтан мәлім [3, 22б.].

Хандық дәуір тұсындағы билер институты осыған дейінгі қазақ даласында жинақталған билер арқылы ел билеудің мол тарихи тәжірибесін өз бойына сіңіріп, қорытып, оны одан әрі дамытқан мемлекетті басқару жүйесінің белді тетіктерінің біріне айналды. Билер арқылы ел билеу дәстүрі бұл кезде бұрынғыдан қалған жол-жораға, әдіс-тәсілдерге ғана арқа сүйеп қоймай, оларды қазақ халқының дербес мемлекеттілігі жағдайына және талаптарына сай қайта түрлендіруге қажетті өзгерістер, толықтырулар енгізу арқылы жаңаша пайдалануға мүдделі болды. Сондықтан да болар Қазақ Ордасы өмір сүрген уақыттағы билер институты өзіне дейінгі билер арқылы билік жүргізу үрдісінің жаңа кезеңі, бұл үрдістің сәтті де шырқай дамыған сатыларының бірі деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Аталмыш дәуірде билер институты мемлекеттік билік жүргізу механизмінің белгілі бір жүйесі, саласы болып қалыптасты. Бұл жүйенің ең жоғарғы сатысы – «Билер кеңесі» болса, ең төменгі сатысы ауыл аралық төрелік айтушы, ауыл биі – ауыл ақсақалы. Билер институтының ішкі құрылымын, жұмыс істеу ерекшелігін және оның негізгі сатыларының үйлесімділігін қамтамасыз ету әдіс-тәсілдерін анықтау үшін осы кезеңдегі билерге берілетін әр түрлі анықтама атауларды білген жөн. Бұл кезде би лауазымының мынадай түрлері болды – төбе би, үлгілі би, ара би, ауыл биі т.б. [4, 78б.]. Көрсетілген әр бір би атауы жеке-дара сараптауды талап етеді, сондықтан ол болашақта атқарылар кешенді зерттеулердің қабырғалы тақырыбы болса керек.

Қазақ қоғамындағы билер институты дамуының келесі үшінші тарихи кезеңі – Қазақстанның Ресей қол астына бодан болып кіру дәуірі (1730-1917 жж.). Қазақстанда хандық билік жойылғаннан кейін билер институтының беделі мүлдем әлсіреп қалды. Оның есесіне империялық сот күшейтілді. Билер соты ауыл аумағында ресми орган ретінде ғана сақталып, іс жүзінде әдет-ғұрыптық қарым-қатынастың күшін әлсірету жағы көбірек қарастырылды. Маңызды және қылмыстық істер 1868 жылғы уақытша ереже бойынша Ресей заңдарымен империялық сот қолына өтіп, ал билер сотына ауыл арасындағы ұсақ, отбасы-ошақ қасы сияқты іс-әрекеттер берілді [5, 55б.]. Сайланбалы түрде өткен билер соты ендігі жерде пара алу, істі әділ шешпеу жолына өте бастады. 1822 жылғы «жарғының» Орта жүз бойынша қазақ даласына енгізілуі әдет-ғұрып құқына, оны іс жүзінде жүзеге асырушы билер сотына өте жағымсыз әсерін тигізген еді. «Жарғы» бойынша

қазақ даласындағы бүкіл сот істері үш категорияға бөлінді: а) қылмыстық істер; б) талапкерлік істер; в) басқармаға түсетін арыздар бойынша қаралатын істер. Мемлекетке опасыздық жасау, кісі өлтіру, тонау мен барымталау және заңды үкімет органына ашықтан-ашық қарсы шығу сияқты қылмыс түрлерінен басқасы, ұрлықты қоса алғанда, талапкерлік істер қатарына жатады.

Ресей империясы отарлау саясатын ықпалды жүргізу мақсатында билер сотына қарасты істердің ыңғайы келгенін қалайда орыс сотының қарауына енгізуге тырысқан еді. Ал жергілікті орыс шенеуніктері мұндай нұсқауды іске асыру барысында түрлі шаралар қолданып бақты.

Билер сотының даму тарихындағы төртінші кезең – Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған дәуір еді (1917-1937 жж.). Кеңестік үкіметі қазақ халқының әдет-ғұрып құқық жүйесін мүлдем жоюға ұмтылып, оның жолдарын қарастыра бастады. 1917 ж. 5 желтоқсандағы Сот туралы №1 Декретінде «Жергілікті соттар істі Россия Республикасының атынан шешеді және өз шешімдері мен үкімдерін шығарғанда құлатылған үкіметтің заңдарын басшылыққа алады» [6, 45б.] – деп, патшалық өкіметтің бұратана халықтарға жүргізген саясатын қолдайтындықтарын білдірді. Оның артынша шыққан Декреттерде қазақ халқының дәстүрлі құқықтық институттары: барымта, құн, әмеңгерлік, көп әйел алу, т.б. қылмыстық жолмен қудаланатындығы ашық көрсетілді.

1920 жылдан бастап қазақ әдет-ғұрып құқығының нормаларымен күрес қазақ халқын ұжымдастыру және отырықшыландыру саясатымен қатар жүріп отырды. Әлеуметтік қатынастарды реттеудің мұндай тәсілдері көшпелілердің дәстүрлі құқығының жойылуына әкеліп соқты. Жергілікті қазақ халқы сан ғасырлар бойы пайдаланып келген әдет-ғұрып жүйесінен біржолата айырыла бастады. Кеңес уақыты кезінде билер институты (билер-ақсақалдар соты) Кеңес өкіметінің декреті арқылы ресми түрде 1921 жылы жойылды, ал іс жүзінде олар 30-шы жылдарға дейін астыртын күйде өмір сүріп келді [6, 133б].

Билер институтының (билер соты түрінде) қайта жаңғыруының соңғы (бесінші) кезеңі – еліміз егемендік алғаннан кейінгі қазіргі кезең.

Еліміздің өз егемендігіне ие болып, тәуелсіздігін жариялағалы бері бұрынғы құндылықтарды қайта тірілуге мүмкіндіктер жасалынды. Мемлекеттік тұрғыдан қолдаулар көрсетіліп тіл тағдырына, мәдени мұраларымызға көңіл аударып, бағдарламалар іске асырылуда. Еліміздегі демократиялық-құқықтық реформалар өткенімізбен сабақтастырыла жүргізілгенде ғана табысты болмақ. Оны мемлекетіміз қазір түсініп, оң қадамдар жасау үстінде. Қандай заң қағидасы болса да өзінің өткенінен бастау алып, сабақтастырыла жүргізгенде ғана менталитетімізге етене болары хақ. Оның үстіне қазіргі жаһандасу процесі көп нәрселерді адамгершілік, демократиялық тұрғыдан қарастыруды талап етуде. Әлемдік құқық жүйелері ХХІ ғасыр құқықты ізгілендіру ғасыры деп соған орай іс-әрекет етуді алға қойып отыр. Ол ізгілендіруді, оның механизмдерін іздеп табу, оны әлем халықтары бойына сіңіру керектігін көрсетеді. Мұндай ізгілендіру қағидалары ғасырлар бойы адамзат баласы қалыптастырған заңдарында орын алған. Олар ұзақ дәуірлер өткенімен, өз құнын, мәнін жоғалтқан емес. Солардың қатарында қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесі маңызды орынға ие болып отыр. Оларды саралап зерттеп, әлем жұртшылығына танытсақ, оның ізгілендіру процесіне берері көп.

Еліміздің сот жүйесінде «Алқа билер сотын» енгізгелі бері бірнеше жылдың жүзі өтті. Әрине, алқа билер соты Қазақстан Республикасы үшін жаңалық емес. Дәстүрлі билер сотында мұндай әдістер қолданылған. Бұл институт өткен соттық жүйенің сабақтастығын қалпына келтіре отырып, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет институттарын қалыптастыруға жол ашады, қазіргі заман талабына сай туындап отыр.

Қашан да кез келген мемлекеттегі демократия деңгейі мен жеткен жетістігі мемлекеттік билікті іске асыруға халықтың қатысу дәрежесінен айқындалады. Бұл биліктің ең маңыздысы – сот билігін, сот әділдігін жүзеге асыруға көпшіліктің қатысуы мен бақылау мүмкіндігін алқа билер сотының ісі арқылы көрініс табуы.

Қазіргі кезде қылмыскерлерге түрмелер толып, имандылық ада болып жатқанда өркениеттік маңызын әлем мойындаған билер сотының дәстүрін қайта тірілту көп адамдардың тағдырының әділ шешіліп, өмір сүруіне, адал жолға түсуіне, адамдарға сенімділікпен қарауына жол ашады. Халықтың өзіне сот ісіне қатысуына белсенділік береді, азаматтық соттың әділеттіктің, адамгершіліктің орнығуына үлкен септігі тиеді. Қылмыстық сот ісін жүргізу ісіне имандылық пен ізгілік нұрларын шашып, халықтың сипатын тереңдете түседі, ұят пен пәктігі күшейеді. Қазақ әдет-

ғұрып құқық жүйесі соттық биліктің, қоғамның өнегелілік дәстүрлерін нығайтудағы және адами қатынастарды сауықтырудағы тарих үлгісінің берері көп. Ол жүйе бойынша қылмыстық іс жасаған қылмыскер қылмыстың салдарынан пайда болған зардап пен зиянды толығымен қалпына келтірген. Яғни, бұл құқық жүйесінің басты мақсаты айыптыны жазалап қана қоймай, жазалай отырып қылмыстық іс-әрекет салдарынан орын алған зардап пен зиянды орнына келтіру болатын.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Мынжан Нығмет. Қазақтың қысқаша тарихы. -Алматы: Жалын, 1994.
- [2] Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-түқианнан өзіме шейін. -Алматы: Жалын, 1995.
- [3] Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. -Алматы: Қазақстан, 1991.
- [4] Қуандықов Б. Әйтеке Бәйбекұлының би ретіндегі қызметі. -Алматы: Өркенит, 2004.
- [5] Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX - начале XX веков. -Алматы: Жеті жарғы, 1996.
- [6] Кенжалиев З.Ж., Даулетова С.О. Казахское обычное право в условиях Советской власти. -Алматы: Ғылым, 1992.

REFERENCES

- [1] Mynzhan Nygmet. Kazakhtyn qysqasha tarihy. -Almaty: Zhalyn, 1994.
- [2] Qazybek bek Tauasaryly. Tүp-tүqiannan özime shejin. -Almaty: Zhalyn, 1995.
- [3] Shәkәrim Qudajberdiұly. Tүrik, qyrғyz, qazaq һәм handar shezhiresi. -Almaty: Qazaqstan, 1991.
- [4] Quandyqov B. Äйтеке Bәjbekұlynuң bi retindegi qyzmeti. -Almaty: Örkenit, 2004.
- [5] Zhirenchin K.A. Politicheskoe razvitie Kazahstana v XIX - nachale XX vekov. -Almaty: Zheti zharry, 1996.
- [6] Kenzhaliev Z.Zh., Dauletova S.O. Kazahskoe obychnoe pravo v uslovijah Sovetskoj vlasti. -Almaty: Fylym, 1992.

Формирование и развитие суда биев: основные периоды и особенности

Мынбатырова Н.К.

КзНУ им. Аль-Фараби

Ключевые слова: традиционное общество казахов, соглашение, решение, род, племя, единство народа, территориальная целостность

Аннотация. Статья посвящена исследованию истории формирования и развития суда биев в традиционном обществе казахов. Анализируются проблемы возникновения суда биев и основные периоды его развития. Раскрывается внутренняя и внешняя политико-правовая деятельность суда биев кочевого казахского народа, его роль в правовых отношениях, а также особенности его правовой природы.

Автор туралы деректер:

Мынбатырова Н.К. - заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

Жұмыс орнының мекен-жайы – Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы 71

Телефон: 3 773333, ішкі 12-55, 12-56

e-mail – nurlaiym@mail.ru

Сведения об авторах:

Мынбатырова Н.К. - кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права

адрес места работы – г. Алматы, пр. аль-Фараби 71

Телефон: 3 773333, вн.12-55, 12-56

e-mail – nurlaiym@mail.ru

Data of author :

Mynbatyrova N.K. - a candidate of juridical science, associate professor of department of theory and history of the state and law, constitutional and administrative law, law faculty of Al-Farabi Kazakh National University.

address job is a city Almaty, boulevard of Al-Faraby 71

Telephone: 3 773333, internal 12-55, 12-56

e - mail - nurlaiym@mail.ru

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Т.А. Апендиев*
Верстка на компьютере *С.К. Досаевой*

Подписано в печать 11.12.2015.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
15,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 6.